

Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 9 шілдедегі N 114/18-IV "Белсенді туберкулезбен ауыратын мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 249/38-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2009 жылғы 19 қазанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 592 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 250/36-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 250/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексіне , Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Заңның 8-бабына сәйкес Астана қ а л а с ы н ы ң м ә с л и х а т ы **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 9 шілдедегі N 114/18-IV " Белсенді туберкулезбен ауыратын мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2008 жылғы 15 тамызда N 540 болып тіркелген, 2008 жылғы 21 тамызда N 99 " Астана ақшамы", 2008 жылғы 21 тамызда N 102 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

шешімнің кіріспесінде "2004 жылғы 24 сәуірдегі" деген сөздер мен сандар " 2008 жылғы 4 желтоқсандағы" деген сөздермен және сандармен ауыстырылсын; көрсетілген шешіммен бекітілген Белсенді туберкулезбен ауыратын мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету ережесінде:

7-тармақ келесі мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Мұқтаждылық Туберкулезге қарсы диспансермен мынадай критерийлер жиынтығын: әлеуметтік көмек алушының мәртебесі ретінде (жұмыссыз болып табылатын тұлғаларға басымдылық беріледі), белсенді туберкулезбен ауыратындардың отбасы мүшелерінің саны мен оның асырауындағы отбасы мүшелерінің санын, оның тұрғылықты мекен-жайын (емдеу орнынан алшақтылығын) бағалау жолымен белгіленеді.";

8 - тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

мәслихатының сессия төрағасы

А с т а н а қ а л а с ы

Н. Мещеряков

мәслихатының хатшысы

А с т а н а қ а л а с ы

В. Редкокашин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК